# №1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 27.08.2022 жыл
Қатысқандар: 18

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының жаңалықтары мен жоспарлары»

1.Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы .
Әдіскер: Ф.Спанова
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
Әдіскер: Ф.Спанова
3. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.
Әдіскер: Ф.Спанова
4.»Димаш-М»бөбекжайы МКҚК-ның 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттері, күн тәртібін, тәрбиешілердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын бекіту.
Меңгеруші: Ф.Спанова
Әдіскер: Ф.Спанова

5. Жас мамандарға тағайындалған тәжірибелі тәлімгерлерды анықтап бекіту.

6..Барлық топтардың бала тізімін бекіту, тәрбиешілерді топтарға бекіту.
7. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.
Меңгеруші: Ф.Спанова

Педагогикалық кеңестің шешімі.

**Сөз алды:**
«Димаш-М»бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова бөбекжай педагогтарын жаңа оқу жылымен құттықтады.
1.1-ші сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері Ф.Спанова жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы туралы айтып өтті.

Бөбекжайдың жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Бөбекжайда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді.

Аталған мәселелерді сауатты ұйымдастыру оқыс жағдайлардың алдын алды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырды. Соның ішінде, рухани адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру көзделді. Сондықтан жазғы сауықтыру шараларының аясында ұлттық ойындарға басымдық берілді және «ойын арқылы оқыту» қағидас негізге алынды.

*Балаларды сауықтыру жүйесі мыналарды қамтыды:* балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары (спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар, шынығу, массаж кілемімен жүру және т. б.);

*пайдалы тамақтану рационы* (жемістер мен көкөністер және т. б.);

*бала ағзасын шынықтыру* (күн сәулесі, шөпте жалаң аяқ жүру, шомылу және т. б.); *балалар туризмі* (жаяу, велосипедпен), экскурсиялар, табиғатта серуендеу және т.б.). *мерекелік шаралар;*

ата-аналармен сауықтыру-ағарту жұмыстары; профилактикалық іс-шаралар (сколиоз, жалпақ табан, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені).

№5 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары қаралып бекітілді. Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілер, бөбекжай бұйрықтары шығарылды:

- жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту;
- жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы;
- жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы;

жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.

Меңгеруші, медбике тарапынан қызметкерлерге балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру;

- балалар жарақатының алдын алу;
- улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу;
- жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау;
- күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету;
- ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу;

МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері, бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және пандемия кезіндегі шектеулерді сақтау туралы, спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары,алғашқы жедел көмек көрсету бойынша нұсқау өткізілді:

Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары бойынша меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі тарапынан ауланы дайындау, құм әкелу, жолда жүру ережесі бойынша, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу, ойын алаңдарын дайындау, жаздық шатырларды тазалау, әрлеу, спорт алаңдарын дайындау, құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру, қауіпсіздігін тексеру сынды жұмыстар жүргізілді.

«Алақай, жайдарлы жаз келді» тақырыбында жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде балалар бойында психо-эмоционалдық жағдай қалыптастыру, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту, денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру бойынша таза ауада спорттық ойындар, жарыстар, ,спорт жарыстары, эстафеталар, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар, спорт мерекелері, мерекелер мен ойын-сауықтар ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілді, өткізілген іс-шаралар жоспары бекітіліп, атқарылған жұмыстың есебі «Димаш-М»бөбекжайының сайтында және инстаграм парақшасына жарияланып отырды.

**2.** 2 сұрақ бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын туралы бөбекжай әдіскері Ф.Спанова таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды анықтайды:

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды;

Осы Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар;

2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;
4) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;
5) оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы реттейді.

Жас кезеңдері мынадай:
1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар;
2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
кіші топ – 2 жастағы балалар;
ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
ересек топ – 4 жастағы балалар;
мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

**3.** 3-сұрақ бойынша әдіскер Ф.Спанова Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Нұсқаулық хатта нормативті құқықтық қамтамасыз ету, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар, мектепке дейінгі ұйым мен мектепалды даярлық сыныбының педагогіне қойылатын талаптар, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі бекітілді. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Сондай-ақ Модельдің 21-тармағында оны іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтіні нақты міндет ретінде айқындалған. Осыған байланысты еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жасау үшін кездейсоқ таңдау әдісімен барлық өңірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар (жеке және мемлекеттік, қалалық және ауылдық) қамтылды және сертификатталған сарапшылар ECERS-3 шкаласының көмегімен бақылаулар жүргізді.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.irrd.kz сайтында қолжетімді болады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- 11 эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған ісәрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған ісәрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Кітап бұрышын жасау, толықтыруға ата-аналарды тарту, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру, ұйымдастырылған кітап бұрышын атааналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға (2-қосымша); циклограммаға (3-қосымша); бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

**Педагогтер мен басқа да қызметкерлер жұмысының негізгі қағидалары:**

- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

**Педагогтің құзыреттілігі:**

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;
- көшбасшылық дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешуге қабілеттілігі;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.

**4.** 4-сұрақ бойынша әдіскер Ф.Спанова 2022-2023 оқу жылының міндеттерімен таныстырып өтті.

2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттері:

1).Тәрбиеленушілердің ұлттық құндылықтары мен физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

2).Экологиялық тұрғыда ойлай алатын, қоршаған ортаға қатысты өз әрекетінің салдарын түсінуге қабілетті және табиғатпен үйлесімді түрде өмір сүре алатын бала моделін қалыптастыру.

Бөбекжай әдіскері А.Н. Салыхова 2019-2022 оқу жылдар аралығында «Сиқырлы ермексаз» қалалық тәжірибе алаңы бойынша жоба мерзімі аяқталғанын, жоба бойынша атқарылған жұмыс нітижелерімен бөлісті. 2022-2023 оқу жылында обылыстық тәжірибе алаңына экологиялық тәрбие бойынша «Бәрінде бір ғаламшар» тақырыбында тәжірибе алаңын ашу туралы құжаттар қалалық білім беру бөліміне жолданғанын айтты.

Ф.Спанова 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылады, (2022-2023 оқу жылына арналған нұсқаулық хаттың 2 қосымшасы) сонымен қатар жаңа бағдарлама дайындалып жатығанын, бұйрыққа қол қойылған кезден бастап сол бағдарлама бойынша жұмыстанатынын ескертті. Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2022-2023 оқу жылына арнлаған нұсқаулық хаттың 2-қосымшаға сай толтырылады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы педагогтың шығармашылығы мен күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған ісәрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасының (2 қосымша) қабылдау бөліміне балалармен амандасудың жаңа формасын қолдану және бөбекжай мамандарын (педагог-психолог, музыка жетекшісі, пән мұғалімі т.б) тарту. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру бөліміне медбике, педагог-психолог, дефектолог-логопед мамандарының кеңесі беріледі. Балалардың дербес әрекеті бөліміне кітап бұрышындағы жұмыс, баяу қимылды жұмыс, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, дидактикалық ойындар, саусақ ойындары, құрылыс ойындары, зерттеу әрекеті, сюжеттік-рөлдік ойындар, сөздік ойындар, перфокартамен жұмыстар жүргізіледі. Балаларды жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде дамыту мақсатында Рухани жаңғыру мақаласын жүзеге асыру бойынша жүргізілген жұмысты күннің I жартысында көрсету. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту бойынша жұмыстарды қазақ тілі мұғалімнің перспективаллық жоспарына сай сөздік жұсыстарын циклограммада көрсету. Серуен бөліміне картотека номірі салынады. Күннің II жартысында балалармен жеке жұмыс бөліміне балалардың жеке даму картасы бойынша жұмыс, астына ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жазылады. Күннің II жартысында балалардың дербес әрекеті бөліміне күннің I жартысындағы әрекеттер және педагогтың шығармашылық тақырыбы мен тәжірибе алаңы бойынша жұмыс жасайтын педагогтың жұмысы жазылады.Әр жұма сайын педагогтың жоспарлау бойынша күннің I жартысында немесе күннің II жартысында отбасымен бірлескен шара ұйымдастырылады.

**5**. 5-сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова 2022-2023 оқу жылы жас маманға педагогикалық қызметте әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәжірибелі жас маман тәрбиеші Бисенбай Арайлым тәлімгер ұстаз ретінде Срайл Салтанат тағайындады.

**6.** 6- сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова 2022-2023 оқу жылы бала тізімдерін жасақтар, тәрбиешілерді топтарға бекітті.

Жас ерекшелігіне қарай 6 топ бар жасақталды.

1).Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін «Балапан» ерте жас «Бүлдіршін» кіші жас тобы ( 2-3жастағы балалар)-1. Тәрбиешілер: Р.Байташева ,Ф.Абдужаппарова

2).Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін «Көгершін» «Жұлдыз» «Қарлығаш-1» ортаңғы және ересек аралас тобы: ( 3-4 жастағы балалар)-1. Тәрбиешілер: А.Ордабек, А.Эгизбаева.А.Бейсенбай

3).Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін «Ғарышкер» «Қарлығаш» ересек және мектепалды аралас тобы: ( 4-5 жастағы балалар)-1. Тәрбиешілер: Д.Таскараева.Б.Тобакабылова.Ғ.Қолдыбекова

7. 7-сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру бойынша мына мәселелерді қарастыру ұсынылады:

Педагог мамандығының мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту.

Балалардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайын жақсарту.

Білім алушылар, педагогтер мен білім беру ұйымы сапасын бағалау жүйесін жетілдіру.

Білім беру мен кәсіби даярлық сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілікті әрі физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту.

Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін арттыруға бағытталған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыру.

**Шешімі:**

1). Жазғы сауықтыру жұмысындағы міндеттердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын;

Жауапты:Ф.Спанова
Мерзімі: 27.08.2022ж

2). 2022-2023 оқу жылы ««Димаш-М»бөбекжайы» МКҚК тәрбиелеу мен оқыту үрдісі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы басшылыққа алынып жұмыстану.

Жауапты:Ф.Спанова
Мерзімі: Жыл бойы

3). 2022-2023 оқу жылы ««Димаш-М»бөбекжайы» МКҚК ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары, тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы, баланың жеке даму картасы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатының 1-ші, 2-ші және 3-ші қосымшаларына сай жүргізілсін.

Жауапты:Ф.Спанова
Мерзімі: Жыл бойы

4). «Димаш-М»бөбекжайы МКҚК-ның 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттері, күн тәртібін, тәрбиешілердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары бекітілсін.

Жауапты: Ф.Спанова
Мерзімі: 27.08.2022ж

5). 2022-2023 оқу жылында жас маман тәрбиеші Бисенбай Арайлым тәлімгер ұстаз ретінде Срайл Салтанат тағайындалсын. Әдіскер жас маманға арналған жұмыс жоспарына сай жұмыс ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

Жауапты: Ф.Спанова
Мерзімі: 27.08.2022ж

6). 2022-2023 оқу жылына топтар бойынша балалар тізімі және педагогикалық кадрлар бекітілсін.

Жауапты: Ф.Спанова
Мерзімі: 27.08.2022ж

7). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру бойынша педагог мамандығының мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту, балалардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайын жақсарту,білім алушылар, педагогтер мен білім беру ұйымы сапасын бағалау жүйесін жетілдіру,білім беру мен кәсіби даярлық сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету, білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілікті әрі физикалық дамуын қамтамасыз ету, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту.

Жауапты: Барлық педагог
Мерзімі: 27.05.2023ж

Жиналыс төрайымы: Ф.Спанова
Хатшы: Д.Таскараева

**№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы**

**Өткізілген күні: 30.11.2022жыл**
**Қатысқандар: 18**

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделі»
**Мақсаты:** оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау.

**Күн тәртібінде:**

1.№ 1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы
Психологиялық тренинг. «Бәріміз біргеміз-берік іргеміз»
2.Тақырыптық тексерістің қорытындысы: «Кітап бұрышын ұйымдастыру, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау»

Жауапты:әдіскер: Ф.Спанова

3. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделі»
А) Шеберлік-сынып «Электронды кітапхана»

Тәрбиеші: Д.Таскараева

Б). Ойындар шеруі: «Балаларды жан-жақты дамытуда ұлттық ойындардың маңызы»

Тәрбиеші: Ғ.Қолдыбекова

В). Шеберлік-сынып «Танымдық ойындардың жаңа моделі»

Тәрбиеші: Б.Тобакабылова

4. Көрме: «Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар»

Жауапты: Барлық топ

5.Ашық іс-тәжірибе алмасу

1) «Ремесла казахов» Тәрбиеші: Ғ.Қолдыбекова
2) «По трапинкам знаний» Тәрбиеші: Б.Тобакабылова

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту

1. 1 сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова №1 педагогикалық кеңестің шешімі туралы айтты. 2022-2023 оқу жылы «Димаш-М»бөбекжайы» ЖШС тәрбиелеу мен оқыту үрдісі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хаты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сай ұйымдастырылып жатырғанын айтты.

2. 2 сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері Ф.Спанова «Кітап бұрышын ұйымдастыру, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау» тақырыбында жүргізілген бақылау нәтижесін оқыды.
   - Барлық педагог "Кітап бұрышын" шығармашылықпен безендірді, балалардың жасына сәйкес көркем әдебиетті таңдады. Кітаптар картотекасы және ата-аналарға арналған формуляр жасалды. Сонымен қатар барлық топта кітаптарды қолдану

ережелері бар. Әр топ өзінің ерекшелігімен ерекшеленеді, «Балдаурен» аралас тобында кітаптарға арналған ертегі кейіпкерлері бейнеленген кітапбелгісін жасаған. «Қарлығаш» ересек тобында ертегі желісі бойынша жабдықталғын. «Күншуақ» аралас тобы кітаптардың электрондық нұсқасын жасады. «Жұлдыз», «Көгершін» және «Қарлығаш-1» топтарында кітап бұрышы театр қуыршақтарымен ұштастырылып безендірілген.

Барлық топтарда кітап бұрыштары эстетикалық, қауіпсіз, көркем әдебиеттің әртүрлі жанрындағы кітаптармен (ертегілер, әңгімелер, өлеңдер), сондай-ақ балалар энциклопедияларымен қаныққан және топтарда кітап сөрелері балаларға қолжетімді деңгейде, кітаптарды өз бетінше пайдалану үшін сөрелер жоғары орналаспаған. Топтарда қазақ, орыс халқының ертегі кітаптары болғанымен жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштарға арналған кітаптар байқалмады.

Өткен оқу жылында бөбекжай қалың және жұқа мұқабасы бар ертегі кітаптармен, ою-өрнектер, өлкетану, жануарларға қатысты энцоклапедиялармен толықтырылған болатын. Осы тұста балалармен бірге қолдан жасалған кітаптармен 3D кітаптар жоқ екені анықталды. Әдістемелік нұсқаулық хатта ұсынылғандай кітап бұрышын толықтыруда ата-аналарды тарту және ата-аналардың қолдануына жағдай жасауға болатын еді. Кітап бұрышын театр бұрышымен ұштастыра отырып жабдықтаудың тиімділігі мол.

Болашақта жұмбақтар, ертегілер бойынша суреттер, ертегілер бойынша жеке иллюстрациялар жасау, ертегі кейіпкерлерінің үлкен демонстрациялық суреттері, музыкалық кітаптар, 3D кітаптар, энциклопедиялармен, театр түрлерімен толықтыру.Өзге ұлт халықтарының ақын-жазушыларының кітаптары көптеп қолданылады, алдағы уақытта қазақ халқының ақын-жазушыларының кітаптарымен толықтыру. Қадыр Мырза Әли, Бердібек Соқпақбаев, Сапарғали Бегалин, Мұзафар Әлімбаев, Саттар Елубаев, Ыбырай Алтынсарин, Өтебай Тұманжанов сынды ақындардың кітаптарымен толықтыра отырып портреттерін де жасақтау ұсынылады. Осы орайда мнемотехника, ертегі желісі бойынша схема суреттер, перфокарталарды, ертегілерге арналған дидактикалық ойындарды қолдана отырып, кітап бұрышында атқарылатын жұмыстың жоспарын құруды ұсынамын, әр апта сайын атқарылған кітап бұрышындағы жұмыстың есебін инстаграмда жариялау.

Ересек және мектепалды топтарында шағын фольклор, поэзия, проза, энциклопедиялар, классиктер мен замандастардың шығармалары, танымдық әдебиеттер, мерзімді балалар басылымдары–журналдар, комикстерде қолданылса,- деп мынадай ұсыныс жасады:

- Кітап бұрышын толықтыруға ата-аналарды тарту;
- Кітапты уақытша пайдалануға үйге беру, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау;
- Балалардың қызығушылығын, танымдық белсенділігін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу, оқу мәдениетінің негіздерін қалыптастыру; көркем образдар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту үшін жағдайлар жасау;
- Казақ тіліндегі кітаптармен, ақын-жазушылардың портреттерімен, қолдан жасалған балалар кітаптарымен, аудио ертегілермен толықтыру.
- Кітап бұрышында атқарылатын жұмыс жоспарын құру, атқарылған жұмысты әлеуметтік желіде жариялау.

3. 3 сұрақ бойынша бөбекжай жас маманы Д.Таскараева PLIPHTMLS сайты арқылы электронды кітапты жасап, Google диск арқылы жүктеп, жүктелген электронды кітаптарға QR кодты қалай жасауға болатыны туралы шеберлік-сынып көрсетті.

Тәрбиеші А.Эгизбаева «Балаларды жан-жақты дамытуда ұлттық ойындардың маңызы» тақырыбында ойындар шеруін таныстырды. Тәрбиеші Б.Тобакабылова «Танымдық ойындардың жаңа моделі» тақырыбында шеберлік-сынып өткізді.

4. 4 сұрақ бойынша бөбекжай тәрбиешілері өздері жасаған балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар көрмесін ұйымдастырып, ойындардың мақсатын таныстырып өтті.
5. 5 сұрақ бойынша №2 педагогикалық кеңеске тәрбиеші Ғ.Қолдыбекова «Ремесла казахов» тақырыбында тәрбиеші Б.Тобакабылова «По трапинкам знаний» тақырыбында педагогтармен кіріктірілген ашық іс-тәжірибесіне әдіскер Ф.Спанова талдау жасады.

**Шешімі:**

1.№1 педагогикалық кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Тақырыптық тексерістің нәтижесінде кітап бұрышында атқарылатын жұмыс жоспарын құру, кітап бұрышын толықтыруға ата-аналарды тарту және кітапты уақытша пайдалануға балалармен бірге қолдануына жағдай жасау, қазақ тіліндегі кітаптармен, 3D кітаптарымен, ақын-жазушылардың портреттерімен, қолдан жасалған балалар кітаптарымен, аудио ертегілермен , электронды кітаппен толықтыру және театрмен ұштастыру.

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: Қазан- 31 мамыр

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде ойын арқылы оқытуды жалғастыру, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Жауапты: Барлық педагог

Мерзімі: Қазан- 31 мамыр

4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытуда жаңа моделі қолдану, балалардың физикалық даму, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру ұйымдастырылған ісәрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асыру және технологияларды қолдану.

Жауапты: Барлық педагог

Мерзімі: Қазан- 31 мамыр

Төрайым: Ф.Спанова

Хатшы: Д.Таскараева

## №3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 31.01.2023 жыл

Қатысқандар: 18

**Тақырыбы:** «Бәрінде бір ғаламшар» облыстық тәжірибе алаңы жұмысын талдау»
**Мақсаты:** Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыс нәтижесін талдау, педагогтармен өзара іс-тәжірибе алмасу.

**Күн тәртібінде:**

1. №2 педагогикалық кеңестің орындалуы
2. «Бәрінде бір ғаламшар» тәжірибе алаңы жұмысын талдау.

Әдіскер: Ф.Спанова

3. Презентация:

а). «Экологиялық мультфильм»

Тәрбиеші: Д.Таскараева

ә) Ойындар шеруі: «Балаларға арналған экологиялық ойындар»

Тәрбиеші: Б.Тобакабылова

б) Іскерлік ойын: «Экология және біз».

Тәрбиеші: А.Ордабек

в) Презентация: «Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру».

Тәрбиеші:Ғ.Қолдыбекова

4. .Ашық көрсетілімдер:

1. «Қысқы тіршілік» Тәрбиеші:Ғ.Қолдыбекова
2. «Бөлме гүлдері» Тәрбиеші: Б.Тобакабылова
3. «Сиқырлы су» Тәрбиеші: А.Ордабек
4 «Табиғат ортақ үйіміз» Тәрбиеші:Д.Таскараева

Көрме: «Экологиялық ойындар»

№3 педагогикалық кеңестің шешімі

1. 1- сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын айтты.
   -Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытуда жаңа моделі қолдану, балалардың физикалық даму, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асыру және технологияларды қолдану.

2.2- сұрақ бойынша бөбекжай әдіскеріФ.Спанова «Бәрінде бір ғаламшар» тәжірибе алаңы жұмысын талдады. Бөбекжайдың миссиясы экологиялық мәдениеті қалыптасқан бала моделін қалыптастыру.

Басымдылығы:

- Әлеуметтік маңызы бар мекемелермен серіктестік құру
- Экологиялық мультфильм түсіру бойынша педагогтардың IT құзіреттілігін дамыту

- “Stop Motion” қосымшасы арқылы қысқа метражды экологиялық мультфильм түсіру
- “Бәрінде бір ғаламшар” тәжірибе алаңын ашу

Басқа бөбекжайдан артықшылығымыз:

-Балалардың қызығушылығын ескере отырып білім береміз;
-Мультфильм арқылы экологиялық мәдениет қалыптасатырамыз
-Балаларды қоршаған ортаны қабылдауға, оған ұқыпты қарауға тәрбиелейміз;
-Балаларға эксперимент жасата отырып зерттеуді үйретеміз
-Қажетсіз заттарға екінші өмір сыйлауға болатынын үйретіп, еңбекке баулимыз;
-Экологиялық мәдениеті қалыптасқан бала моделін қалыптастырамыз;
Кері байланыс жүргізу:
Желілік қауымдастық арасында тәжірибе алмасу, озық іс-тәжірибе тарату, семинар, сауалнама, бақылау.
Тиімділігі:

- бала экологиялықмәдениетнегіздерінмеңгереді, барлықтабиғинысандардыңөзарабайланысы мен өзараәрекетінсаналытүрдетүсінеді;
- балалардың тірі және өлі табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылығы, байқағыштық қабілеті дамиды;
- топтардағы табиғат бђрыштары жабдықталады;
- бала табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарайды;

- мектеп жасынадейінгібалалардыңэкологиялықмәдениетінарттырумәселелеріндепедагогтердің кәсібидеңгейіартады;
- балалардыңрухани-адамгершіліkқұндылықтарықалыптасады..

2. 3- сұрақ бойынша тәрбиеші Д.Таскараева телефонның көмегімен қарапайым үй жағдайында мобильдік қосымшаларды жүктей отырып қысқа метражды экологиялық мультфильм түсіру туралышеберлік-сынып көрсетті. Ермексаздан жасалған, қима суреттер мен ұсақ конструкторлардың көмегімен мультфильм түсіре отырып, мультфилімге дыбыс, аудио дыбыс, музыка қою тәсілдерін үйретті.

Тәрбиеші Б.Тобакабылова «Балаларға арналған экологиялық ойындар» тақырыбындапрезентациясын көрсете отырып, өзі жұмыс жасайтын «Күншуақ» түрлі жас тобында қолданатын балаларға арналған экологиялық ойындарын таныстыра отырып, мақсатына тоқталды.

Тәрбиеші А.Ордабек «Экология және біз» педагогтерге тәжірибе жасау бойынша іскерлік ойын өткізді. Экологиялық бағытта жұмыстанып отырғандықтан, қажетсіз материалдарды қолдана отырып балалардың мерекелеріне арналған «Түрлі-түсті фейерверк», «Кемпірқосақ түстері»тәжірибе жасау бойынша іскерлік-ойын көрсетті.

ТәрбиешіҒ.Қолдыбекова «Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында «Капелька» әртүрлі жас тобында балалардың экологиялық мәдениетін

қалыптастыру бойынша қолданылатын дидактикалық ойындардан презентация көрсетті.

4.4- сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері Ф.Спанова тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіне талдау жасап, ұсынымдарберді.

1. «Қысқы тіршілік» Тәрбиеші:Ғ.Қолдыбекова
2. «Бөлме гүлдері» Тәрбиеші: Б.Тобакабылова
3. «Сиқырлы су» Тәрбиеші: А.Ордабек
4 «Табиғат ортақ үйіміз» Тәрбиеші:Д.Таскараева

Шешімі:

1. 2 педагогикалық кеңестің шешімі қанағаттанрлық деп есептелсін.
2. Облыстық «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зетханасынының «Димаш-М»бөбекжайы» ЖШС «Бәрінде бір ғаламшар» тәжірибе алаңының атқарып отырған жұмысын бағалап, облыс көлемінде педагогтармен іс-тәжірибе алмасу мақсатында семинар ұйымдастыру.

Мерзімі: Ақпан, 2023жыл
Жауапты:Әдіскер,Ф.Спанова

Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша, педагогтардың креативтілік, шығармашылық, іздемпаздық қабілеттерін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу және әлеуметтік желіде, облыстық, республикалық деңгейде сайыстарға қатысып, мақалаларды жариялару және тәжірибе тарату.

Мерзімі: Үнемі
Жауапты: Әдіскер

3. Педагогтардың іс-тәжірибе алмасу мақстында стандарт талаптарына сай және үлгілік оқыту бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу , кіріктірілген іс-әрекетке тәрбиеші мен мамандар арасында серіктестікті кеңейту, заттық –дамытушы ортаны толықтыру, педагогтардың санатын көтеру мақсатында портфолиосын жинақтау және ҰБТ тапсыру бойынша жұмыстар жүргізу.

Мерзімі: Үнемі
Жауапты: Барлық педагог

Жиналыс төрайымы: Ф.Спанова
Хатшы: Д.Таскараева

**№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**31.03.2023 жыл**

**Қатысқандар: 18**

**Тақырыбы:** «Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту»
**Мақсаты:** Балалардың ауызекі сөйлеуін дамыту арқылы әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.

**Күн тәртібінде:**

1.№3 педагогикалық кеңестің орындалуы.

**Меңгеруші:** Ф.Спанова

**2.Салыстырмалы бақылау қорытындысы:**«Балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың жүргізілуі»

**Әдіскер:** Ф.Спанова

**3.Презентация:**

А)«Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды дамыту»
**Тәрбиеші:** Д.Таскараева

Ә).«Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған ойындар»
**Тәрбиеші:** Б.Тобакабылова

Б).«Ойын арқылы балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту»
**Тәрбиеші:** А.Ордабек

**4. Ашық іс-тәжірибе алмасу:**

1.«Ертегіде қонақта»**Тәрбиеші:** Д.Таскараева
2. «Көктем келді әдемі» **Тәрбиеші:** Б.Тобакабылова
3. «Қазақстан байлығы»**Қазақ тілі мұғалімі:** Н.У.Баспаева
4. «Үй жануарлары»**Тәрбиеші:** А.Ордабек

**Көрме:** «Балалардың сөздік қорын байытуға арналған дидактикалық және дамытушы ойындар»

**Өтілу барысы:**

**1.** 1-ші-сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын педагогтардың іс-тәжірибе алмасу мақстында стандарт талаптарына сай және үлгілік оқыту бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу , кіріктірілген іс-әрекетке тәрбиеші мен мамандар арасында серіктестікті кеңейту, заттық –дамытушы ортаны толықтыру, педагогтардың санатын көтеру мақсатында портфолиосын жинақтау және ҰБТ тапсыру бойынша жұмыстар жүргізу, балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша, педагогтардың креативтілік, шығармашылық, іздемпаздық қабілеттерін жетілдіру бойынша жұмыстардың жүргізілуін қанағаттарлық деп санады.

**2.** 2-ші сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері Ф.Спанова«Балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың жүргізілуі» тақырыбы бойынша жүргізілге салыстырмалы бақылау қорытындысын айтты.
-Балалардың әлеуметтік-адамгершілік дамуының маңыздылығын түсіндіре отырып, ата-аналармен әңгіме жүргізу. Театр ойындарына, қуыршақ театрына және үстел театрына көбірек көңіл бөлу.Балалардың ауызекі сөйлеуде

«Балапан»кіші тобы, «Көгершін» орта жас тобында мақал-мәтелдерді, жыл мезгіліне байланысты өлеңдер жаттау, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар шешкізу, «Балдаурен» ересек жас тобы, «Қарлығаш» ересек және «Ғарышкер» топтарында шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету және меңгерту барысында дидактикалық құралдар, мнемотаблица, сюжетті суреттерді, инновациялық сөйлейтін қалам, сөйлейтін кітап, STEM технологиясы, интерактивті ойындар, «Ақылды Айгөлек» сөйлейтін қуыршақ қолдану,- керек деген ұсыным айтты.

**3.**3- ші сұрақ бойынша тәрбиеші Д.Таскараева"Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды дамыту" тақырыбында презентациясын оқыды.Тәрбиеші Б.Тобакабылова«Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған ойындар» тақырыбында презентация көрсетті..Тәрбиеші А.Ордабек«Ойын арқылы балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту» тақырыбында презентациясын ұсына отырып, «Балдаурен» тобы балалармен атқарылған фонематикалық естуді дамыту бойынша ойын жаттығуларды, шығармашылық ойындарды қолдану, театрланған ойындар мен қойылымдарға қатыстыру бойынша жүргізілген жұмыстарының нәтижесін көрсетті.

4. 4-ші сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова іс-тәжірибе алмасу мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсеткен педагогтардың іс-әрекетіне талдау жасады. Камуникативтілік дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілік оқу бағдарламасына сай. Денсаулық сақтау технологияларын, балаларды диологиялық сөздік қорын байытып, монологиялық сөйлеуге үйрету әдістерін, артикуляциялық ойындарды,белсенді және пассивті сөздікті қалыптастыру мақсатыда интер бағдарламаларды Bilim.kids.kz платформасын қолдану.

1.«Ертегіде қонақта» Тәрбиеші: Д.Таскараева
2. «Көктем келді әдемі» Тәрбиеші: Б.Тобакабылова
3. «Қазақстан байлығы» Қазақ тілі мұғалімі: Н.У.Баспаева
4. «Үй жануарлары» Тәрбиеші: А.Ордабек

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1.№3 педагогикалық кеңестің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. «Балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың жүргізілуі» тақырыбындағы салыстырмалы бақылаудың нәтижесінде балалардың ауызекі сөйлеуде «Балапан»кіші тобы, «Көгершін» орта жас тобында мақал-мәтелдерді, жыл мезгіліне байланысты өлеңдер жаттау, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар шешкізу, «Балдаурен» ересек жас тобы, «Қарлығаш» ересек және «Ғарышкер» топтарында шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу көркем сөздердіқолдануына қолдау көрсету және меңгерту барысында дидактикалық құралдар, мнемотаблица, сюжетті суреттерді,инновациялық сөйлейтін қалам, сөйлейтін кітап, STEM технологиясы, интерактивті ойындар, «Ақылды Айгөлек» сөйлейтін қуыршақ қолдану.

Мерзімі: 31.05.2023 жыл

Жауапты:Барлық педагог

3.Коммуникативтік дағдыларды дамытуда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру барысында

коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру,сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту бойынша ойын жаттығуларды,шығармашылық ойындарды қолдану,театрланған ойындар мен қойылымдарға ата-аналарды тарту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту бойынша, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру бойынша қазақ тілі маманының жұмысын жандандыру.

Мерзімі: 31.05.2023 жыл

Жауапты:Барлық педагог

Төрайым: Ф.Спанова

Хатшы: Д.Таскараева

**№5 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**31.05.2023 жыл**
**Қатысқандар: 12**

**Тақырыбы:** «2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»
**Мақсаты:** Бөбекжайдағы барлық іс – әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың қорытынды есебін талдау.

1)№4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
Жауапты: Ф.Спанова

2) Барлық топ тәрбиешілерінің және педагог маманның ашық іс-тәжірибесін өткізу және толдау, жылдық жұмыс есептерін сараптау.
Жауапты:Барлық педагог

3) Мониторинг нәтижелері
Жауапты: А.Н.Салыхова

4) «Бәрінде бір ғаламшар» облыстық тәжірибе алаңы бойынша атқарылған жұмыс есебі.
Жауапты: «Қарлығаш» және «Ғарышкер» ересек тобы тәрбиешілері

5) Жазғы оқу кестесін, күн тәртібін бекіту.
Жауапты: Ф.Спанова

6)Ашық іс-тәжірибе алмасу:
1). «Үй құстары»
Тәрбиеші:Ғ.Қолдыбекова

2). «Қызыл телпек» музыкалық театрландырылған іс-әрекет
Тәрбиеші:А.Ордабек

3). «Құстар біздің досымыз»
Тәрбиеші: А.Эгизбаева

4) «Музыка әлеміне саяхат»
Тәрбиеші:А.Бейсенбай

Педагогикалық кеңес шешімі.

**Өтілу барысы:**

1 –сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова №4 педагогикалық кеңестің шешімігің орындалуы туралы айтып өтті. Яғни,коммуникативтік дағдыларды дамытуда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру барысында коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру,сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту бойынша ойын жаттығуларды, шығармашылық ойындарды қолдану,театрланған ойындар мен қойылымдарға ата-аналарды тарту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту бойынша, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға

дағдыландыру бойынша қазақ тілі маманының жұмысын жандандыру бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасады.

2.2-ші сұрақ бойынша тәрбиешілер мен мамандардың жылдық есебінің қорытындысы тыңдалды.

3. 3-ші сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері мониторинг нәтижелерін оқыды.

«Димаш-М» б/б ЖШС-ның кіші топ бойынша балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижесі «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары І деңгей 62%, ІІ деңгей -38%, ІІІ деңгей 0 -% құрады. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары І деңгей 67-0%, ІІ деңгей - 33%, ІІІ деңгей - 0% құрады. «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары І деңгей -75 %, ІІ деңгей 25-%, ІІІ деңгей 0- % құрады. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары І деңгей - 83%, ІІ деңгей - 17%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша жоғары І деңгей-86%, ІІ деңгей-14%, ІІІ деңгей-0% құрады.

««Димаш-М» б/б ЖШС-ның ортаңғы топтар бойынша балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижесі «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары І деңгей 92%, ІІ деңгей 8%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары І деңгей 85%, ІІ деңгей 15%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары І деңгей 88%, ІІ деңгей 12%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары І деңгей 85%, ІІ деңгей 5%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша жоғары І деңгей 97%, ІІ деңгей 3%, ІІІ деңгей 0% құрады.

««Димаш-М» б/б ЖШС-ның ересек топтары бойынша балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижесі «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары І деңгей 88%,ІІ деңгей 12%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары І деңгей 81%, ІІ деңгей 19%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары І деңгей 90%, ІІ деңгей 10%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары І деңгей 89%, ІІ деңгей 11 %, ІІІ деңгей 0% құрады. «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» білім беру саласы бойынша жоғары І деңгей 92%, ІІ деңгей 8%, ІІІ деңгей 0% құрады.

««Димаш-М» б/б ЖШС-ның мектепалды тобы бойынша балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижесі «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары І деңгей 99%, ІІ деңгей 1%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» білім беру саласы бойынша жоғары І деңгей 98%, ІІ деңгей 2%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» білім беру саласы жоғары І деңгей 99%, ІІ деңгей 1%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары І деңгей 99 %, ІІ деңгей 1%, ІІІ деңгей 0% құрады. «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша жоғары І деңгей 99%, ІІ деңгей 0%, ІІІ деңгей 0% құрады.

Жыл соңында бала саны 143 баланы құрады. Жалпы бөбекжай бойынша жоғары деңгей көрсеткен балалар үлесі 85%, орташа деңгей көрсеткен балалар үлесі 15%, төмен деңгей көрсеткен балалар саны болмады.

4. 4-ші сұрақ бойынша«Қарлығаш» және «Ғарышкер» ересек тобы тәрбиешілері «Бәрінде бір ғаламшар» тәжірибе алаңы жұмыс есебін оқыды. «Арай» желілік қауымдастығы жас мамандары мен әдіскерлеріне арналған «Бәрінде бір ғаламшар» практикалық семинар жоғары деңгейде өткені жайлы айтты.

6.Бөбекжай меңгерушісі Ф.Спанова Түркістан облысы әкімдігі білім басқармасының Жетісай қаласының білім беру бөлімінің «Димаш-М» б/б жеке шаруашылығы шектеулі кәсіпорнының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша есебін оқыды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімімен бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштерді бағалаудың нәтижесі комиссиямен бағаланып, Комиссияның дауысқа салуымен өзін-өзі бағалау нәтижесі «жақсы» деп бағаланғанын айтты.

Шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп есептелсін.

**Мерзімі:** 31.05.2023ж
**Жауапты:** Барлық педагог

2. Барлық тәрбиешілер мен мамандардың жұмыс нәтижелерін қанағаттанарлық деп есептеп, барлық педагог алдағы оқу жылында жаңа инновациялық технологиялар қолданып, жаңартылған білім мазмұнын игеру бойынша өз білімдерін жетілдірсін.

**Мерзімі:** 31.05.2022ж
**Жауапты:** Барлық педагог

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторингі қорытындысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын толықтай игеріп, 143 баламен аяқталып, орташа деңгейдегі балалардың үлесі 15%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 85% құрады.

4. «Бәрінде бір ғаламшар» тақырыбындағы облыстық тәжірибелік алаң жұмысы қанағаттанарлық деп есептеу. Экологиялық мультфильм жасауды жандандыру, жаз мезгілінде «Жасыл алаңқай» жобасын қолға алу.

**Мерзімі:** 01.09.2023ж
**Жауапты:**Әдіскер, барлық педагог

5. Жазғы демалыс уақытында мектепке дейінгі білім беру ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру мен тәрбиелеуде қауіпсіз және сапалы жағдайлар туғызатын тиісті шараларды қамтамасыз ету. Бөбекжайдың жұмыс жоспары жазғы сауықтыру мезгіліне арналған жұмыс жоспарына ауыстырылып, жазғы

сауықтыру жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу-қызметінің жүктемесі және күн тәртібі бекітілсін.

**Мерзімі:** 31.05.2022
**Жауапты:** Әдіскер

6. «Димаш-М» б/б ЖШС өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімімен бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштерді бағалаудың нәтижесі комиссияның дауысқа салуымен өзін-өзі бағалау нәтижесі «жақсы» деп бағаланды.

**Мерзімі:** 31.05.2023ж
**Жауапты:** меңгеруші: Ф.Спанова,
әдіскер.Ф.Спанова
барлық педагогтар

Төрайым: Ф.Спанова
Хатшы: Д.Тасқараева